

Есепшоттар ашуды ретке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 7 желтоқсан N 1391. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.01.06. N 23 қаулысымен.

Республика кәсіпорындарының төлем жасамаудағы дағдарысын, жалақы мен әлеуметтік төлемдер жөніндегі үлкен берешекті ескере отырып, сондай-ақ қолда бар ресурстарды олардың қаржылай сауығуы үшін мейлінше пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік акциялардың бақылау пакеті бар барлық мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар есеп айырысу, валюталық және басқа есепшоттарын өз таңдаулары бойынша бір банкке кешенді қызмет көрсетуге аударсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен коммерциялық банктерге мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың есеп шоттарын олар таңдаған банктерге аудару жөнінде жәрдем көрсету ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары аталған жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз етсін. Осы қаулының орындалуына кедергі жасайтын кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдар басшыларының жауапкершілігі қаралсын. Банктердің кінәсінен есепшоттарды аударудағы кідіріс фактілері бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес осы банктерге шаралар қолдану кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдарға міндеттелсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік

қаржы бақылау комитеті республиканың құқық қорғау органдарымен бірлесіп, осы қаулының жүзеге асырылу барысында бақылау орнатсын. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1995 жылғы 1 ақпанға дейін баяндалсын. Кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың жалақы, бюджет және өнім берушілер жөнінде төлемге нұқсан келтіретін етіп қаражатты жасыру фактілерін әшкерелеген материалдар сот-тергеу органдарына берілсін.

Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК